

**Мамандық бойынша тест: 1-пән**

1. Балқаш көлінде балықтың таралған түрінің саны:

- A) 13
- B) 12
- C) 15
- D) 16
- E) 14

2. Оңтүстік шөл зонасындағы радиациялық баланс көрсеткіші:

- A) 2050 мДж/м<sup>2</sup>
- B) 2100 мДж/м<sup>2</sup>
- C) 3100 мДж/м<sup>2</sup>
- D) 1500 мДж/м<sup>2</sup>
- E) 3250 мДж/м<sup>2</sup>

3. Физикалық географиялық аудандастырудың таксономиялық бірлігі:

- A) ТТК
- B) компонент
- C) ел
- D) кешен
- E) ландшафт

4. Топырақтану саласының негізін салған:

- A) Р.Джанпейсова
- B) Г. Зонов
- C) У. Успанов
- D) А. Соколов
- E) В. Докучаев

5. Қазақстанның Голарктикалық патшалыққа жататынын анықтаған ғалым:

- A) П.Сушкина
- B) П.Рычков
- C) И. Лепехин
- D) И. Гмелин
- E) И.Лопатин

6. Алмалы ормандар таралған аймақ:
- A) Солтүстік Қазақстан
  - B) Солтүстік-Батыс Қазақстан
  - C) Орталық Қазақстан
  - D) Шығыс Қазақстан
  - E) Оңтүстік-Шығыс Қазақстан
7. Ебі және Сайқан желі соғатын жер:
- A) Сарыарқа
  - B) Батыс Қазақстан
  - C) Қаратау жотасы
  - D) Жоңғар қақпасы
  - E) Торғай қақпасы
8. Өсімдік жамылғысы ең көп таралған табиғат зонасы:
- A) Шөлейт
  - B) Орманды дала
  - C) Аралас ормандар
  - D) Орман
  - E) Шөл
9. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік табиғи саябақ:
- A) Алакөл
  - B) Наурызым
  - C) Маңғыстау
  - D) Көкшетау
  - E) Үстірт
10. 1902 жылы «ұсақ шоқы» терминін ғылыми әдебиетке енгізген ғалым:
- A) Н.А. Тихонович
  - B) В.М.Дэвис
  - C) М.П. Русаков
  - D) И.П. Герасимов
  - E) Г.Ц.Медоев